# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 қараша N 1257. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы* N 1332 *(2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің 258 -бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын акцизделетін тауарларға және құмар ойын бизнесіне арналған акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 4, 56-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

мына:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "2203 00** | Сыра | физ көлемі 1 литр | 6 теңге/ 1 литр | 0,2 евро/ 1 литр |
| 2402** | Фильтрлі темекі | физ көлемі | 145 теңге/ 1000 дана | 2 евро/ 1000 дана бұйымдары |
| | Фильтрсіз темекі | физ көлемі | 95 теңге/ 1000 дана | 2 евро/ 1000 дана бұйымдары, құрамында темекі бар басқа да бұйымдар" |

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "2203 00** | Сыра | физ көлемі 1 литр | 7 теңге/ 1 литр | 0,2 евро/ 1 литр |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2402** | Фильтрлі темекі бұйымдары | физ көлемі | 180 теңге/ 1000 дана | 2 евро/ 1000 дана |
| | Фильтрсіз темекі бұйымдары, құрамында темекі бар басқа да бұйымдар | физ. көлемі | 100 теңге/ 1000 дана | 2 евро/ 1000 дана". |

2. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК